

Получили грантовое финансирование

Два научных проекта ЗКАТУ им. Жангир хана выиграли грантовое финансирование для коммерциализации.



Университет Жангир хана – крупнейший многопрофильный вуз, являющийся инновационным

хабом и вносящим большой вклад в индустриально-инновационное развитие западного региона Казахстана.

ЗКАТУ – университет с развитой научно-инновационной инфраструктурой, где выстроена эффективная технологическая система «от генерирования идеи до ее коммерциализации». Благодаря успешной работе Офиса коммерциализации технологий и бизнес-инкубации под руководством Гульшат Амангельдиевны Айшевой привлекаются средства из различных республиканских и международных источников, а также используются результаты исследований.

Инновации были и остаются неотъемлемой и важной частью научно-технологической и образовательной деятельности ЗКАТУ им. Жангир хана. В этом



году в результате плодотворного сотрудничества с бизнес-партнерами два проекта университета выиграли конкурс АО «Фонда науки» по коммерциализации результатов научной и научно-технической деятельности (на 2024-2026 годы). Общая сто-

имость проектов составляет 1 млрд. 280 млн. тг., в т.ч. софинансирование – 606 млн. тг.

Первый проект на тему: «Возделывание высокобелковых кормовых культур на орошении в сухостепной зоне Западно-Казахстанской области» и второй – «Инновационная технология производства комбикормов для рыб, птиц и сельскохозяйственных животных». Данные инновационные проекты направлены на внедрение инновационных технологий и разработок ученых университета: доцента, кандидата технических наук Марата Қайрлиевича Онаева и заведующего лабораторией, кандидата сельскохозяйственных наук Еркинғали Азаматовича Батыргалиева.

ЗКАТУ имени Жангир хана выражает благодарность парт-

нерам за плодотворное сотрудничество в области развития инновационной деятельности и поздравляет победителей кон-



курса, а также Офис коммерциализации технологий и бизнес-инкубации университета!

Мемлекеттік қызмет мектебіне іріктеу басталды

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында атап өткендей, жастарға жан-жақты қолдау көрсету – мемлекетіміздің басты міндеттерінің бірі.

Президент өз сөзінде сұранысқа ие болып отырған және жоғары білікті мамандардың тапшылығын азайту қажеттігін де атап өтті. Өз саласының шеберіне әрдайым сұраныс болатыны мәлім. Бүгінде елімізде жастарды барлық салаларда қолдау саясаты жүзеге асырылып, «Дипломмен ауылға», «Алғашқы жұмыс орны», Президенттік жастар кадр резерві, өңірлік кадр резерві сынды бірқатар бағдарламалар еліміздің түкпір-түкпірінде жүзеге асырылып келеді.

Мемлекеттік қызметке кіруде артық кедергілерді жою мақсатында жаңа тәсілдер енгізіліп, жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша мемлекеттік тапсырыс шеңберінде білім беру ұйымдарында

оқуды аяқтаған соң конкурс өткізілместен «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына орналасу мүмкіндігін беретін оқу нәтижелерінің мәндері GPA 3,33-тен кем болмауы және уәкілетті органмен немесе оның аумақтық бөлімшесімен келісу бойынша орналасу мүмкіндігі қарастырылған.

Бұл бастама мемлекеттік қызметке жас әрі білікті мамандарды тартумен қатар, ауылдық, аудандық деңгейдегі кадр тапшылығын жоюға септігін тигізеді. Сондай-ақ ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің бастамасымен мемлекеттік секторға таланттарды іздеу және тарту бойынша «Жаңа талап» мемлекеттік қызмет мектебі 2018 жылдан өз жұмысын жалғастырып келеді.

Бұл мектепке жоғары оқу орнынан кейінгі, жоғары, орта білімнен кейінгі, техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орындарының түлектері қабылданады. Іріктеу ағымдағы жылдың қазан айында басталады. Түлектер өзі таңдаған салалық бағыт бойынша эссе жа-

зып, нәтижесіне сәйкес мектепке қабылданады.

Оқыту бағдарламасы мемлекеттік қызметке кіру үшін қажетті, атап айтсақ, стратегиялық ойлау, көшбасшылық, жауаптылық, бастамашылдық, парасаттылық, күйзеліске төзімділік өзін-өзі дамыту, ынтымақтастық және өзара іс-қимыл сияқты құзыреттерді арттыру курстарына бағытталған. Оқытудан кейін жоғары курс студенттерінің өндірістік практикасы аясында өздері таңдаған мемлекеттік органдарда тағылымдама ұйымдастырылады.

Болашақта өз тағдырын мемлекеттік қызметпен байланыстырғысы келетін дарынды, белсенді жастарды болашақта қолдана алатын тәжірибиелік дағдыларды алуға шақырамыз.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Батыс Қазақстан облысы бойынша департаменті

Байланыс телефондары:
509282, 500281

Құрметті білім алушылар!



Егер Сіздің мақала, эссе, әңгіме, өлең жазу сынды шығармашылық қабілетіңіз болса, өз туындыларыңызды басылым бетінен көргіңіз келсе, телесюжеттер жасап, мақала жазып үйренгіңіз келсе, университеттегі Медиа-орталыққа келіңіз.



Бас ғимарат, 2-қабат,
206-бөлме

Бүгінгі
нөмірде:

Элеватордан –
ғылымға дейінгі жол



2-б.

К 100 летию



3-б.

Кел, танысайық!



4-б.



Элеватордан – ғылымға дейінгі жол

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің қауымдастырылған профессоры, техника ғылымдарының кандидаты Төребек Байбатыров өзінің еңбек жолын үлкен тәжірибе алаңынан бастап, кейіннен ұстаздық жолға келген.

Тоғызақтан басталған еңбек жолы

2011 жылы Жәңгір хан университетіне Алматы технологиялық университетінен ауысып келген Төребек Әуелбайұлының еңбек жолы 2000 жылдан басталады. Сол жылы өзі еңбек еткен Алматы технологиялық университетін «Астық, ұн, жарма және құрама жем өндірістерінің технологиясы» мамандығы бойынша тәмамдаған кейіпкеріміз жолдамамен шалғайдағы Тоғызақ станциясында (Қостанай облысы, Қарабалық ауданы) орналасқан элеватордан бір шыққан. Қостанай облысына бөлінген жолдаманың бірін иеленген алматылық бозбала сол жолы пойызға да бірінші рет мінгенін есіне алып, күліп алды.

– Тоғызақ – ең түкпірдегі, Ресейдің Тройцк қаласының тұсындағы шекаралас станция. Мен барған сыйымдылығы 200-250 мың тонналық Тоғызақ элеваторы «Зерновая индустрия» корпорациясына қарайды. Мұнда қабылдау бөліміндегі зертханада жұмыс жасадым. Ол жерге шегі мен шегі жоқ «Камаз» жүк көліктерімен көп көлемде күні-түні астық жеткізіледі. Мен науқанның қызған уақыты – тамыз айына дөп түскен екем. Егіс алқабынан келген астықты қабылдап, оны сапалық көрсеткіштері бойынша орналастыру керек. Ылғалдылығы бар, тазалығы бар, негізгі көрсеткіш сағыздық мөлшері де өте маңызды. Бір сөзбен айтқанда, өнім сапасы стандарт талабына сәйкес болуы



қиындығы болмады. Жұмысқа кіргеннен кейін екінші жылы ғылым жолына бет бұрып, өзім оқыған қара шаңырақ – Алматы технологиялық университетіне аспирантураға оқуға түстім. Ал 2005 жылы Алматы технологиялық университетіне жұмысқа ауыстым. Аға оқытушы болып қызмет атқара жүріп, аспирантураның күндізгі бөліміндегі оқуымды, ғылыми ізденістерімді жалғастырдым. 2010 жылы елімізде диссертациялық кеңестер жабылардың алдында диссертациялық жұмысымды қорғап үлгердім. Мұның өзі – мен үшін үлкен жетістік болды. «Сабақты ине сәтімен» деген осы шығар, – деді Төребек Әуелбайұлы.

Айта кетсек, Т.Байбатыров «Құрама жем өндірісінде рапс жанама өнімдерін тиімді қолданудың технологиясын жасау» атты тақырыбындағы ғылыми-зерттеу жұмысын орындау барысында техника ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі Ә.І.Ізтаев



қадағаланады. Кезекте тұрған көліктерді ұзақ күттірмей, жұмысты тез орындау қажет. Кейін аталған корпорацияның құрамындағы өзге екі элеваторда да жұмыс жасап, екі жыл жарымдай еңбек еттім, – дейді Т.Байбатыров. Осы үлкен кәсіпорында кейіннен инспектордың көмекшісі қызметін қоса атқарған жас маман экспортқа кететін астыққа сапа сертификатын дайындауға көмектескен. Осылайша қайнаған жұмыстың ортасында жүріп, өндірістік тәжірибе жинақтапты.

Тәжірибе

алаңынан – ұстаздыққа

Сөйтіп жүріп жоғары оқу орнын бітірісімен үлкен тәжірибе алаңынан өткен маманды А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетіне жұмысқа шақырады. Әлі отбасын құрмаған жас жігіт бұл ұсынысты бірден қабылдайды. – Бұл 2003 жыл болатын. Байтұрсынов университетінде «Өсімдік шаруашылығы өнімдерін стандарттау және сертификаттау» және «Қайта өңдеу өндірістерінің технологиясы» мамандығы ашылып жатыр екен. Есесіне, жоғары оқу орнында алған білімді өндірісте ұштаған мен үшін оқытушылық қызметтің еш

пен техника ғылымдарының докторы, қауымдастырылған профессор С.Т.Жиенбаевалардың жетекшіліктерінде шәкірті болған.

«Болашақ»

бағдарламасының түлегі

Ал Оралдағы Жәңгір хан университетіне 2011 жылы алғаш жолы түсіпті. Бұл кезде университетке магистратура бойынша диссертациялық кеңеске төрағалық етуге шақырған. Сол жылы осы білім ордасына жұмысқа шақырған соң отбасын алып көшіп келген. Қызмет барысында кейіпкеріміз республикалық оқу әдістемелік кеңес мүшелері құрамында жұмыс жасаған. Ғалымның шәкірттері республикалық пәндік олимпиадаларда, студенттердің үздік ғылыми-зерттеу жұмыстарының байқауларында жүлделі орындарды иеленген. Магистранттардың 20-дан аса диссертациялық жұмыстарына жетекшілік жасаған. Жұмыс жасау барысында бакалавриат, магистратура бойынша «Тағам қауіпсіздігі» мамандықтарының ашылуына септігін тигізген. 2016-2020 оқу жылдары «Тағам және қайта өңдеу өндірістерінің технологиялары» кафедрасының меңгерушісі,

2020-2023 оқу жылдары Студенттер контингентін қалыптастыру орталығы директорының орынбасары қызметтерін атқарған. Бүгінде университеттегі «Ветеринария және агротехнология» институтында қайта өңдеу өндірістерінің технологиясы, тағам қауіпсіздігі және азық-түлік өндірісінің технологиясы білім беру бағдарламалары бойынша мамандар даярлауға өз үлесін қосып келеді.

Сонымен қатар «Болашақ» халықаралық бағдарламасының «500 ғалым» жобасының грантын иеленген ғалым-ұстаз биыл Беларусь мемлекеттік аграрлық техникалық университетінде алты айлық ғылыми тағылымдамадан өтіп келді. Ғалым елімізде өзекті болып табылатын құрама жем өндірісі тақырыбын 17 жылдан бері қаузап келеді. Ғылыми тағылымдама барысында батысқазақстандық ғалым Беларусь

Ресейдің Новосибирск қаласынан келіп сатып алып жатқанының да куәсі болыпты. Құны да қомақты мұндай жылжымалы зауыттың бір данасы әзірге біздің еліміздегі Петропавл қаласына ғана жеткен екен.

Алты айлық білім-ғылым сапарында ғалым-ұстаз Төребек Әуелбайұлы халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларға, инновациялық жұмыстар жәрмеңкесіне қатысқан. Сонымен қатар ғылыми мақалалары республикалық, халықаралық деңгейдегі жинақтарда жарияланған.

Құрама жем өндірісіне қызығушылық танытқан ғалым 2007 жылдан бері осы тақырыпты зерттеп келеді. Диссертациялық жұмысын да осы салаға бағыттаған ғалым-ұстаз тағылымдамадан өту кезінде құрама жем өндіру технологиясымен кеңірек танысқан. – Енді осы



еліндегі бірнеше зертханада, «Березовка құрама жем зауыты», «Жабинковский құрама жем зауыты» секілді үлкен өндіріс орындарында және Кеңес Үкіметі кезінен сақталған «Остромечево» атты шаруашылықта болған.

– Ол елдегі өндірістік мекемелердің көпшілігі мемлекеттің иелігінде екен. Соның ішінде «Остромечево» шаруашылығы мал және өсімдік өсіруді қатар қолға алыпты. Біздің елімізбен салыстырғандағы айырмашылықтың бірі – осы. Себебі, шикізатты өздерінде өндірмесе, ол да қалтаға оңай соқпасы белгілі. Сондықтан мал өсіріп отырғаннан кейін өсімдік шаруашылығын да бірге дамытып отырады. Нәтижесінде құрама жемге пайдаланатын шикізаттың көпшілігі – өз қолдарында. Тағылымдаманың соңғы күндерінде «Мобильді құрама жем зауытында» болдым. Бұл дегеніміз – жылжымалы құрама жем зауыты. Атап айтқанда, «Маз» ауыр жүк көлігінің үстіне барлық құрылғы орнатылған.

алған білімді кәсіби мамандар даярлау ісіне, аграрлық ғылымды дамытуға жұмсайтын боламын. Университеттегі «Қайта өңдеу өндірістерінің технологиясы» білім бағдарламасы бойынша оқытылатын пәнді соған сәйкес жаңғырту бағытында жұмыстанатын боламыз. Сонымен қатар ғылыми жобаларымызды ұсынамыз, – дейді кейіпкеріміз.

Елімізде құрама жем өндірісі әлі де кенжелеп тұрғанын ғалым да жасырмады. Материалды дайындау барысында құрама жем өндірісімен айналысатын зауыттар біздің облысымызда бар ма екен деген қызығушылықпен БҚО Ауыл шаруашылығы басқармасына сұрау салып көрдік. Белгілі болғанындай, өңірімізде жалпы өндірістік қуаттылығы 76,0 мың тоннаны құрайтын бес құрама жем зауыты бар екен. Дейтұрғанмен қазір шикізаттың қымбатшылығы көп шаруаға кесірін тигізуде. Беларустардың мал және өсімдік шаруашылығын қатар дамытатын тәжірибелерін қазақ шаруалары да қолға



Кез келген шаруашылыққа барып, немесе қоймалардан дайын өнімдерді алып, құрама жемді сол мезетте әзірлеп береді, – дейді Т.Байбатыров. Айтуынша, аталмыш зауыттың шаруашылыққа қалай қолданылатынын өз көзімен көріп,

алса құба-құп. Ал аграрлық ғылымдағы осы салаға бағытталған ғылыми жобалар жем-шөп өндірісін өркендетуге септігін тигізеді деген ойдамыз.

Ләззат ҚАЖЫМОВА



Знаменосец Победы или подвиг, оставшийся в тени

Есть люди, чьи имена золотыми буквами вписаны в историю страны. О них говорят: человек-легенда, человек-эпоха. Об одном из них пойдет речь в данной статье.

И имя ему – Рахимжан Кошкарбаев, наш земляк, который вместе со своим товарищем Григорием Булатовым первым водрузил над Рейхстагом знамя Победы. В октябре этого года исполнится 100 лет со дня рождения славного героя Победы.

Р.Кошкарбаев родился в 1924 году в селе Тайтобе Акмолинской области, рано лишился родителей и воспитывался в детском доме. В 1942 году его призвали в армию, а в 1943 году направили во Фрунзенское общевоинское пехотное училище. С 1944 года Рахимжан воевал в звании младшего лейтенанта в составе Белорусского фронта.

Не перечисляя весь воинский путь героя, остановимся на самом главном подвиге. В битве за Берлин он со своим взводом находился в самых первых рядах. После успешного штурма «Дома Гимmlера» батальон, в котором служил Рахим, продвинулся на противоположную сторону площади, оказавшись прямо перед Рейхстагом. Командир батальона С.А.Неустроев, заметив выдающиеся лидерские качества и храбрость Рахима, вызвал его к себе и отдал важнейший приказ: «Подбери себе нужных бойцов, проберись к Рейхстагу и водрузи флаг от нашего полка!». Рахим отчеканил: «Есть!» После этого комбат вручил ему штурмовой флаг полка. Рахим вложил флаг к себе за пазуху и, обернувшись к своему взводу, скомандовал: «Ну что, ребята! Пробьемся к Рейхстагу! Вперед! За мной!». Он первым выпрыгнул из разбитого окна, и вслед за ним бойцы его взвода. Но тут же шквальный огонь из Рейхстага заставил всех залечь на землю. Рахим увидел впереди себя воронку от бомбы и решил укрыться в ней. Дождавшись, когда огонь немного стих, он отчаянно рванулся к воронке и успел запрыгнуть в нее прежде, чем немцы перевели огонь на него. Буквально через несколько минут на него сверху упал еще один солдат, который тоже искал укрытия от огня. В упавшем на него солдате Рахим узнал молодого бойца Григория Булатова.

Пока они лежали на дне воронки, солдат несколько раз спрашивал Рахима: «Ну что, товарищ лейтенант, что будем дальше делать?». Огонь не прекращался до вечера, не давая возможности поднять голову. После нескольких часов ожидания Рахим сказал солдату: «Давай-ка напишем наши имена на флаге!». Сказав это, Рахим тут

же вытащил из-за пазухи пакет, развернул флаг и стал выводить на нем: «674 полк. Л-т Кошкарбаев, кр-ц Булатов». Так они пролежали 7 часов до темноты.

Командир батальона, увидев, что его бойцы лежат и не могут двинуться, вызвал огонь артиллерии полка. Подкатили 9 пушек, подъехали самоходные гаубицы, и все они прямой наводкой открыли огонь по Рейхстагу. Воспользовавшись плотным артиллерийским огнем, Рахим и Григорий вскочили из воронки и кинулись через Королевскую площадь к Рейхстагу. Вдвоем они пробежали



за несколько минут площадь шириной 360 метров. Уже на первом этаже немецкие солдаты открыли сильный огонь. Так прошла ночь. Лишь к утру они смогли добраться до второго этажа, где опять пришлось отстреливаться. Вскоре у обоих кончились патроны. Пришлось пользоваться оружием убитых немецких солдат и продолжать перестрелку на втором этаже. В ходе перестрелки Рахим увидел в проеме разбитого окна крышу главного входа в Рейхстаг и крикнул Григорию: «Смотри, Гриша! Я сейчас подниму тебя на плечи, а ты достань до фронтона крыши и прикрепил флаг к колонне». Рахим наклонился, Григорий по его спине взобрался к нему на плечи и, дотянувшись до основания колонны фронтона, привязал флаг к ней. Это случилось примерно в 14 часов местного времени. Появление флага на Рейхстаге произвело ошеломляющий эффект на наших наступающих солдат. С воодушевленными криками «Урааа...» все солдаты рванулись через площадь к Рейхстагу. Закипели ожесточенные бои на этажах Рейхстага, и к утру 1 мая здание было полностью взято.

Рахимжан и Григорий, вернувшись в здание Рейхстага, ожидали прибытия своих бойцов. Через несколько часов на этаж поднялась группа наших солдат. Командир солдат, увидев двоих, подбежал к Рахиму и крепко обнял его, приговори-

вая: «Молодцы! Герои! Герои!». Это был заместитель командира 756-го полка майор Соколовский. Обернувшись к связисту, он приказал: «Срочно свяжи меня с командиром полка!». Затем, взяв трубку полевого телефона, радостно крикнул: «Товарищ первый! Мы в Рейхстаге! Здесь раньше нас оказались двое из 674-го полка: лейтенант Кошкарбаев и солдат Булатов. Они уже вывесили красный штурмовой флаг своего полка на Рейхстаг! Есть поздравить от вашего имени!». В тот же день над всей страной голос Левитана произнес: «От Советского

информбюро! Войска Первого Белорусского фронта овладели Рейхстагом и в 14 часов водрузили знамя Победы».

3 мая 1945 года на стол Сталина легли наградные листы о присвоении Кошкарбаеву и Булатову высоких званий Героев Советского Союза, подписанные командиром 674-го полка и 150-й дивизии. На хранящемся до сих пор в военных архивах Подольска «Наградном листе» стоит росчерк самого Сталина: «Отказать». Высшая военная верхушка, стремясь угодить Сталину, заранее подготовила имена грузина Кантария и русского Егорова, которые должны были вынести «Знамя Победы №5» на купол Рейхстага. Увидев наградные листы на казаха Кошкарбаева и татарина Булатова, стали искать причину для отказа и нашли ее: «Отец Кошкарбаева был репрессирован в 1937 году как «враг народа», а сын «врага народа» не может быть Героем Советского Союза» - записали штабисты в докладной записке Сталину.

2 мая, когда бои возле Рейхстага уже закончились, два будущих Героя (Егоров и Кантария) в безопасной обстановке, в сопровождении роты автоматчиков и кинооператора Романа Кармена, без единого выстрела со стороны немцев водрузили Знамя Победы. По решению Генштаба им обоим было присуждено звание Героя Советского Союза. Настоящие первые

знаменосцы Кошкарбаев и Булатов были награждены орденами Боевого Красного Знамени.

Как ни прискорбно, коррупция и подхалимство существовали и в те, казалось бы, справедливые военные времена. Оба героя демобилизовались домой. Прибыв домой, Рахим первым делом поехал в Акмолу, зашел в НКВД, встретился с начальством и со следователем, который вел дело его отца. Начальство сообщило, что его отец погиб в спецлагере Сибири еще в 1942 году. Причина гибели не указана. Следователь сообщил ему даже фамилию человека,

оклеветавшего отца. Рахимжан был поражен: им оказался близкий родственник отца, который впоследствии стал председателем сельсовета!

Поистине, феномен Иуды неистребим во все времена и у всех народов, в том числе и у казахов. Когда Рахим решил заехать в Тойтобе и взглянуть в глаза Иуде, тот спрятался в другом месте, думая, что Рахим может убить его из мести. Лишь после развенчания культа личности Сталина и 20-го съезда Коммунистической партии СССР началась работа по реабилитации невинно осужденных. В числе их, в 1961 году, был реабилитирован и отец Рахимжана Кошкарбаева. В его сердце наконец-то пришло успокоение. Пусть он не смог сам вытащить невинно осужденного отца, но время расставило все по своим местам, справедливость восторжествовала! Он больше не сын «врага народа», и теперь это клеймо снято со всех членов семьи отца.

Несколько раз Рахимжану приходили письма от Григория Булатова. В них он жаловался, когда его приглашают как фронтовика в школы и в рабочие коллективы, никто не верит, что это именно он поднял флаг Победы 30 апреля: все над ним смеются и даже придумали ему кличку «Гришка – рейхстаг». В последнем письме он написал, что не может больше переносить эту несправедливость и хочет

покончить с собой. Что и было осуществлено 19 апреля 1973 году, не выдержав насмешек людей, так и не дождавшись правды. Лишь в мае 2005 года на его кладбище был воздвигнут памятник с надписью: «Знаменосцу Победы»!

Сам Рахимжан не так трагически переживал то, что его не наградили званием Героя Советского Союза. Оправдание честного имени отца было для него превыше собственных наград. Хотя в последующие годы многие пытались восстановить историческую несправедливость. Так, писатель-фронтовик Борис Горбатов, собор «Литературной газеты», в 1948 г. написал о нем: «Хватит сравнивать советских людей со львами, орлами и беркутами. Какой беркут может сравниться с казахом Кошкарбаевым, который на моих глазах вместе с другими товарищами водрузил Знамя Победы над Рейхстагом?». Писали об этом и бывший командир батальона Неустроев, Генерал армии Шатилов, командовавший штурмом Берлина и писатель-фронтовик Ф. Зинченко. И наконец, свидетельством тому является «Наградной лист» в архивных материалах Центрального Архива Министерства Обороны. Все они документально подтверждают факт поднятия штурмового флага 674-го стрелкового полка 30 апреля 1945 году Рахимжаном Кошкарбаевым и Григорием Булатовым.

7 марта 2007 года Институт военной истории России прислал в Казахстан официальное заявление: «Знамя над Рейхстагом первыми водрузили Рахимжан Кошкарбаев и Григорий Булатов». Запоздалая правда пришла, но сам герой при жизни так и не мог добиться заслуженного признания подвига. Его бесстрашные слова о том, что «будь его фамилия не Кошкарбаев, а Кошкарбаидзе, то заслуженная награда моментально нашла бы своего хозяина» по меркам своего времени равносильны подвигу. Судьба велела жить дальше, и Рахимжан Кошкарбаев не только не сломился, а достойно прошагал отведенный ему свой жизненный путь. Прожил он до 1988 года, видел мирное небо, трудился на благо страны, ясно понимал, что цена жизни и чести намного выше сфабрикованных политических авантюры лихого времени.

Отмечая 100-летний юбилей славного сына Отечества, потомки помнят, чтят его имя, гордятся его подвигом и называют в честь героя своих детей его именем. Мира на земле, спокойной жизни людям, населяющим ее, достойных твоей памяти потомков и вечная слава тебе, отважный Солдат Победы!

Айгуль МАГАУОВА,
преподаватель Центра
развития языков

Кел, танысайық!

Күні кеше «жас түлек» болып мектеп қабырғасынан қанат қағып, бүгінде Жәңгір хан атындағы БҚАТУ студенті атанған жастарға төмендегі сауалдарымызды жолдадық.

1. Қай облыстан немесе қай ауданнан келдің?

2. Қай мектептің түлегісің?

3. Мектепте оқып жүргендегі жетістіктерің?

4. Неліктен Жәңгір хан университетін таңдадың?

5. Қандай білім бағдарламасына (мамандық) оқуға түстің?

6. Студенттік алғашқы кездегі әсерің, қызықты оқиғаларың?

7. Алдағы студенттік 4 жылыңды қалай жоспарладың?

8. Мына сөйлемді толықтыр: Егер маған адамдарға үш жақсылық жасау мүмкіндігі берілсе, ...

Асем УРАЛБАЕВА,

Ветеринария және агротехнология институтының студенті:



1. Мен Орал қаласынанмын.

2. Қаламыздағы А.Тайманов атындағы №34 мектеп-гимназиясында он бір жыл оқыдым.

3. Мектеп қабырғасында қ а з а қ т ы ң ұлттық киімдерін тігіп, қол

өнермен айналыстым. Самбо күресіне қатыстым. Олимпиада және қалалық дебат жүлдегері атандым.

4. Жәңгір хан университетін таңдаған себебім, менің ойымша, бұл – Орал қаласындағы ең үздік университет деп ойлаймын.

5. «Ландшафт дизайны» мамандығы.

6. Алғашқы күннен бастап жаңа ортаға тез үйреніп кеттім.

7. Алдағы 4 жылда жақсы оқып, студенттік кездерімді қызықты өткізуге тырысамын.

8. Егер маған адамдарға үш жақсылық жасау мүмкіндігі берілсе... Мен волонтерлер қатарына қосылған болатынмын. Сол жерде жақсы жандармен және жаңа достармен бірге болашақта адамдарға көмек қолын созамын деген ойдамын.

Лада ИРЫШКОВА,

студентка института Ветеринарии и агротехнологии:



1) Я приехала из города Атырау.

2) Я окончила школу №2 имени Жумекена Нажмеденова.

3) В школе я активно участвовала в олимпиаде по биологии.

4) Я выбрала именно университет Жангир хана, потому что он мне показался очень уютным местом, где я могу отучиться на профессию мечты.

5) Я учусь на специальности «ветеринария».

6) Моя студенческая жизнь началась с ознакомительной недели, где мы познакомились с нашим университетом.

7) В моих планах: интересная учеба, стажировки, общение с новыми людьми и активная студенческая жизнь.

8) Если бы у меня была возможность сделать людям три добрых дела, то я бы помогла нуждающимся людям, посадила бы деревья.

Алина ТЕМІРБЕК,

Индустриалды-технологиялық институтының студенті:



1. Мен Орал қаласынанмын.

2. 1-9 сынып аралығында №40 жалпы орта білім беретін мектепте оқыдым. Ал 10-11 сыныптарды Abyroi school-да оқып бітірдім.

3. Мектеп қабырғасында қ о л ө н е р ,

би сайыстарының жүлдегерімін, математикалық олимпиада және орыс тілі мен әдебиеті, қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінен олимпиада жеңімпазымын. «Алтын белгі» иегерімін.

4. Жәңгір хан университеті Қазақстан бойынша беделді болғандықтан және өзімнің туған қалам – Оралымда орналасқандықтан, үлкен мүмкіндіктер ортасы болғаны үшін таңдадым.

5. Кадастр мамандығында оқимын.

6. Студент атанып, жаңа ортаға тап болдым. Сонымен қатар университетте әр түрлі іс-шараларға қатысып, өзімді көрсете алдым.

7. Алдағы төрт жылда білімімді толықтырып, студенттік өмірімді қызықты өткізгім келеді.

8. Егер маған адамдарға үш жақсылық жасау мүмкіндігі туындаса, мен волонтер болып қоршаған ортама және мұқтаж адамдарға көмектесер едім; өз біліміммен бөлісер едім.

Мерхат БАЛТАБАЕВ,

Политехникалық институтының студенті:

1. Мен Орал қаласынанмын.

2. 1-9 сынып аралығында №46 жалпы орта білім беретін мектебінде оқыдым. Кейін 10-11 сыныптарда Abyroi school-да білім алдым.

3. Мектепте оқып жүргенде қолөнер сайыстарына қатысып, жүлдегер атандым. Сондай-ақ математикалық олимпиадаларда, орыс тілі және әдебиеті, қазақ



тілі мен қазақ әдебиеті пәндерінен өткен олимпиадаларда жеңімпаз болдым. Нәтижесінде мектепті «Алтын белгімен» бітірдім.

4. Жәңгір хан университетін таңдаған себебім, бұл – елімізде өзіндік беделі бар жоғары оқу орны. Сонымен қатар өзімнің туған жерімде маған осындай мүмкіндіктің берілгені деп ойлаймын.

5. Жол құрылысы мамандығына оқуға түстім.

6. Мен үшін студенттік өмір – жаңа орта. Осы бір айдың ішінде көптеген шараларға қатысып, студенттік күндерімді белсенділікпен бастадым.

7. Студенттік төрт жыл ішінде жоғары білім алып, студенттік кезеңімді белсенділікпен өткізгім келеді.

8. Егер маған адамдарға үш жақсылық жасау мүмкіндігі туындаса, алдымен волонтерлық жолды таңдап, содан кейін айналама және көмекке зәру жандарға қолұшын созар едім. Өзімнің білгенімді басқалармен бөлісер едім.

Рахмет АЙТАХАНОВ,

Экономика, ақпараттық технологиялар және кәсіби білім беру институтының студенті:



1. Мен Орал қаласынанмын.

2. Ақпараттық технологиялар мектеп-лицейінің түлегімін.

3. Мен мектепте математика пәнінен олимпиадаларға қатысып жүрдім. Өзім негізінен спортты жақсы көремін. Жеке спорт клубында футбол командасында ойнадым. Кейін 10-сыныпта оқып жүріп, сол клубта футболдан жаттықтырушы болып жұмыс жасап бастадым.

4. Жәңгір хан университетінде спортпен айналысуға барлық жағдай жасалған. Бірнеше спорттық залдар бар. Сондықтан осы оқу орнын таңдадым.

5. «Дене шынықтыру және спорт» мамандығында оқып жатырмын.

6. Студенттік алғашқы күндерім түрлі қызықты сәттермен басталуда. Мұнда үлкен аумақты алып жатқан оқу ғимараттары көп екен. Спорттық залдарға да түрлі бағыттармен баруға болады. Әлі соларды толық үйрене алмай жүрмін.

7. Алдағы төрт жылымда мемлекеттік гранттың жемісін көрсем деймін. Оқу мен жаттықтырушылық жұмысымды қатар алып жүргім келеді. Себебі, бұл – өз мамандығым үшін үлкен тәжірибе.

8. Егер маған адамдарға үш жақсылық жасауға мүмкіндік берілсе, алдымен мұқтаж жандарға баспана сыйлар едім, несиелерін толықтай өтеп берер едім және бір адамның өмірін құтқаруға атсалысар едім.

Қыркүйек айының жаңалықтары

Осы айда Жәңгір хан университетіне АҚШ-тың Қазақстандағы елшісі Дэниел Розенблюм жұмыс сапарымен келді. Елші білім ордасының қазіргі тынысынан, ғылыми әлеуетінен, халықаралық бағдарламалар аясындағы іс-шаралардан, елшілікпен байланыс жұмыстарынан хабардар болып, университет жұмысын АҚШ елшілігінің өзге де бағдарламаларына қатысуға шақырды. Сапар барысында елшілік өкілдері университеттің Сынау орталығындағы зертханаларда және Жәңгір хан атындағы музейде болды.

Осы айда Жәңгір хан университетінде қазақстандық ғалымдар бас қосып, BR21881871 «Қазақстан Республикасының мал азықтық алқаптарында толыққанды жем-шөп өндіру технологиясын әзірлеу» ғылыми-техникалық бағдарламасының (ғылыми жетекшісі — ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі Б.Нәсиев) орындалу барысын талқылады. Осы бағдарлама бойынша өткен үйлестіру кеңесінің отырысында мақсатты қаржыландыру бағдарламасын орындауға БҚАТУ ғалымдарымен бірге екінші жыл қатарынан атсалысып жүрген жоғары оқу орындарының, ғылыми мекемелердің, ғылыми-зерттеу институттарының, ауыл шаруашылық стансаларының ғалымдары жыл басынан бері жүргізген ғылыми зерттеулерінің нәтижелерімен бөлісті. Айта кетсек, аталмыш ғылыми-техникалық бағдарлама бойынша Жәңгір хан университеті өткен жылы еліміздегі Ғылым және жоғары білім министрлігіне қарасты Ғылым комитетінің гранттық қаржыландыруына ие болған еді.

Жәңгір хан университетінде өткен кезекті ғылыми кеңесте «Ветеринария және агротехнология» институтының доцент м.а., ветеринария ғылымдарының кандидаты Бе.Сидиховка философия докторы (PhD) дәрежесі берілді. Осы институттың доцент м.а., ветеринария ғылымдарының кандидаты К.Мурзабаев пен «Экономика, ақпараттық технологиялар және кәсіби білім беру» институтының доцент м.а., экономика ғылымдарының кандидаты М.Сұлтанова «қауымдастырылған профессор» ғылыми атағын иеленді. Ғылым басқармасының басшысы-сынау орталығының директоры, қауымдастырылған профессор, биология ғылымдарының докторы И.Бейшова көрнекті қазақ ғалымы Қ.Сәтбаевтың 125 жылдығына арналған мерейтойлық медальмен марапатталды.

Жәңгір хан университетінің «Рух» пікірталас орталығы осы айда екі мәрте іс-шара ұйымдастырды. Алдымен облыстық деңгейде өткізілген пікірсайыс турниріне қала мен аудандардан жоғары және арнаулы орта оқу орындарының командалары қатысып, өзара сайысқа түсті. Ал күні кеше «Рух» орталығы Мемлекет басшысының биылғы Жолдауын талқылау және жастарға түсіндіру мақсатында интеллектуалды дебат ойынын өткізді.

Меншік несі:

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті. Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігінде 2004 жылдың 29 қаңтарында тіркеліп, №4651 – Г куәлігі берілген.

БҚАТУ медиа орталығының директоры
Ләззат ҚАЖЫМОВА

Компьютерде беттеуші және дизайнер
Қайрат ИСИМОВ

Газет Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-дың медиа орталығында теріліп, беттеліп, Жарнама-баспа орталығында басылады.

Газет электронды түрде университеттің интернет ресурстарында таратылады. Тапсырыс: № 581 Қолжазба авторға қайтарылмайды. Деректердің нақтылығына автор жауапты.

Редакцияның мекенжайы:

090009, Орал қаласы, Жәңгір хан көшесі, 51. Бас ғимарат 206-бөлме 1-42
info_zkatu@mail.ru